

## **"Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1993 жылғы 21 маусым N 1257. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.03.15. N 2096 жарлығымен.

Көпукладты нарықтық экономикаға көшуді жеделдету, материалдық өндіріс салаларында бәсекелестікті дамыту, сондай-ақ өнеркәсіпті басқарудың жана экономикалық тетіктерін пысықтау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Крамдс" акционерлік қоғамының негізінде мемлекеттің қатысуымен холдинг үлгісіндегі "Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясы құрылсын. Компанияның жарғылық қорына қосымшаға сәйкес кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері берілсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Байқаушы кеңестің жеке құрамын бекітсін, оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің өкілдері енгізілсін.

2. "Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясы ашық үлгідегі акционерлік қоғам болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қызмет атқарады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және "Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясы екі ай мерзімде мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу жөніндегі жұмысты жүргізсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстанаудит" акционерлік компаниясының қатысуымен "Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясының жарғылық қорын анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясымен бірлесіп, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бір ай мерзімде мемлекеттік холдинг компанияларын қалыптастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 21 маусымдағы  
N 1257 Жарлығына  
Қосымша

"Крамдс" Ұлттық акционерлік компаниясына  
мүлкі немесе акцияларының мемлекеттік пакеті  
берілетін кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың

Тізбесі

(Кесте)

<\*>

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілген - ҚР Президентінің  
28.10.1993 ж. N 1389 және 24.11.1993 ж. N 1430  
Жарлықтарымен.

Ескерту. Тізбеден Краснооктябрьский боксит рудоуправлениясі  
(Қостанай облысы, п. Октябрьский), Торғай рудоуправлениясі  
(Арқалық қ.) және Павлодар алюминий зауыты (Павлодар қ.)  
алынып тасталған - ҚР Президентінің 2.05.1994 ж. N 1682  
Жарлығына сәйкес.